

"Ақмола облысындағы меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № А-13/598 қаулысына және Ақмола облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 5С-8-6 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы № А-1/42 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 7С-14-4 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 ақпанда № 26837 болып тіркелді

Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Ақмола облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Ақмола облысындағы меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № А-13/598 қаулысына және Ақмола облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 5С-8-6 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3596 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген әкімдік қаулысының және мәслихат шешімінің қосымшасы осы әкімдік қаулысының және мәслихат шешімінің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Ақмола облысы әкімдігінің қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының шешімі олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысы әкімінің
міндетін атқарушы

К.Идрисов

Ақмола облыстық
мәслихатының хатшысы

М.Балпан

Ақмола облысы әкімдігінің
2022 жылғы 26 қаңтардағы
№ А-1/42 мен Ақмола
облыстық мәслихатының
2022 жылғы 26 қаңтардағы
№ 7С-14-4 Бірлескен
қаулының және
шешімнің қосымшасы
Ақмола облысы әкімдігінің
2012 жылғы 7 желтоқсандағы
№ А-13/598 қаулысына және

Ақмола облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерлерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсаттағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері

(гектармен)

№	Қалалар және аудандар атауы	Ақмола облысында бір әкімшілік ауданның (қаланың) шегінде меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері:			
		Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін Қазақстан Республикасы азаматына (ортақ үлестік меншік қатысушыларына (мүшелеріне) қолданылмайды)	Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаға және оның үлестес тұлғаларға ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін шетелдік қатысуы жоқ (ортақ үлестік меншік қатысушыларына (мүшелеріне) қолданылмайды)		
1	2	3	4	5	6
		барлығы	оның ішінде суаруға	барлығы	оның ішінде суаруға
1.	Ақкөл	10	1	20	1
2.	Аршалы	20	1	30	1
3.	Астрахан	10	1	20	1
4.	Атбасар	10	1	20	1
5.	Бұланды	10	1	20	1
6.	Бурабай	20	1	30	1
7.	Егіндікөл	10	1	20	1
8.	Біржан сал	10	1	20	1
9.	Ерейментау	10	1	20	1
10.	Есіл	10	1	20	1
11.	Жақсы	10	1	20	1
12.	Жарқайын	10	1	20	1
13.	Зеренді	20	1	30	1
14.	Қорғалжын	10	1	20	1
15.	Сандықтау	10	1	20	1
16.	Целиноград	20	1	30	1
17.	Шортанды	20	1	30	1
18.	Көкшетау қаласы	20	1	30	1
19.	Қосшы қаласы	20	1	30	1
20.	Степногорск қаласы	10	1	20	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК